

Төтенше жағдайлардың  
психологиялық аспектілері.  
Әлеуметтік сипатты төтенше  
жағдайлар.

ИС-111 Сырым Сабыржан

# Жоспар:

- 1. Төтенше жағдайлардағы психологиялық аспектілер.**
- 2. Үрей**
- 3. Сасқалақтап, абыржушылық**
- 4. Сіресіп қалу симптомы**
- 5. Сананың көмескіленуі (аффект)**
- 6. қызбалардың негізгі түрлері**
- 7. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимі**
- 8. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар**

# Төтенше жағдайлардағы психологиялық аспектілер

- \* Төтенше жағдайға тап болған адамның одан аман-есен шығуы сирек. Кейбіреулер өмірмен мәңгілікке қоштасады, кейбіреулер ауыр жарақат алады және мертігеді, ал кейбіреулері бірінші көргенде білінбейтін бірақ ауруы асқынып, тез жазыла қоймайтын дертке шалдығады. Ол адамзаттың психикасы мен санасының жарақаттануы. Бұл адам неғұрлым қорқынышты жағдайды басынан өткізсе, солғұрлым күрделі бола түседі.  
Төтенше жағдайдың алғашқы минутінде адамды сан алуан түрлі үрей билейді.

# Үрей

- \* бұл адамдардың биологиялық және әлеуметтік аман-саулығына қауіп төнгенде пайда болатын эмоция, уайым. Өміріне қауіп төнгенде тұлғаның психикасына әсер ететін ауыртпашылықтың әр адамда өз диапазоны және жұмыс істеуге қабілеттілік шегі бар. Қауіптің бірінші белгілері біліне бастағанда, алдымен адам абыржиды, не болып жатқанын түсінбейді. Осы қысқа мерзімде психикасы қалыпты адамда белсенділіктің жоғарылауын байқауға болады: қозғалысы ширақ, үнемді, бұлшық еттің күші артады, бұлар қауіпсіз жерге ауыстыруға мүмкіндік тудырады. Үрейдің күрделі түрде пайда болуында, мынандай психикалық жағдайлар орын алады: тағатсыздану, сіресіп қалу, сананың бұлыңғыр күйі, бұларда ең айқын көрінетіні адамның қозғалысының бұзылуы.

# Сасқалақтап, абыржушылық

- \* Мұндай жағдайда адамның қашып кеткісі келіп тұрады. Мұндай кезде мақсатсыз, жөн-жосықсыз ары-бері жүру, көптеген орынсыз қозғалыстар байқалады, олар дұрыс шешім қабылдап және қауіпсіз орынға көшіруге кедергі жасайды. Кей кезде байбалам салып қашу көрініс береді. Айналадағылардың ұстамдылығы төмендеп, уақыт өтпей жатқан сияқты сезім пайда болады.

Тағатсыздану, әбігерлену симптомы: бозарады, жүрек қағысы жиілейді, ентігіп дем алады, терлейді, қолы дірілдейді, сөйлеу қабілеті бұзылады, оның қарқыны жылдам болады және мүдіреді т.б.

- \* Сирек те болса, **сіресіп қалу** кездеседі. Оның болу себебі бұлшық етінің тырысып тартылуы, бірден қан айналымының нашарлауы және осыған байланысты қозғалыс үйлесімділігінің бұзылуы.



# Сананың көмескіленуі (аффект)

\* Адамның миына қан келу бұзылады, қыртыстар клеткасына қажетті ауа жетпейді, есте сақтау қабілетін жоғалтады, оның іс-әрекеті қорқыныштың басталған кезіне қарағанда мақсатсыз, мағынасыз, санаға симайтындай болады. Мұндай жағдайдағы адамдарды ойлауға қабілетсіз және істеген ісіне жауап бермейді деп санайды.

Осындай жағдайға тап болғанда тек қорқыныш, үрей ғана негізі рөл атқармайды, сонымен қатар, адамның психологиялық жетілмегені, өзімшілігі, байбалам салғыштығы, ызақорлығы да рөл атқарады. Психология жағынан бұл есте сақтау қабілетінен айрылу, ойлану, қызбалықта көрініс табады.

\* Көмескі жағдайдың симптомдары: сырттан қарағанда ессіздік ұстама сияқты, жөнге келмейтін агрессия. Адамның бет әлпеті сұстанып, тұрпаты қорқыныш тудыратын кейіпте, аяғы ыңырсуға айналып кететін айқай. Мәнсіз, бей-берекет қозғалыс, ары-бері жүгіріс, кей кезде қауіпті жаққа қарай жүгіру.





# Қызбалардың негізгі түрлері

\* Төтенше жағдайлардағы адамдардың реакциясы жеке ерекшелігімен, дәлірек айтқанда қызбалығымен анықталады. Қызбалардың негізгі түрлері:

1. *Холерик*
2. *Меланхолик*
3. *Сангвиник*
4. *Флегматик*



- \* **Холерик** - сөз жеткісіз жылдам. Өзінің белсенділігі мен күш-қуатының көптігінен ол айналасындағыларды өздерін-өздері құтқаруда ұйымдастырушы, басшы болуы мүмкін, сонымен қатар, өзін және оның артынан ергендерді өлімге бастайтын дүрбелең туғызуы да ықтимал.
- Меланхолик** - ұялшақ, көңілшек, әсерленгіш адам. Қоздыру және тежеу барысы кезінде кез-келген адамның, тіпті онша ашуланбайтын адамның болса да жетегіне еретін адам. Меланхолик төтенше жағдайларда дүрбелеңді бастаушы болып табылады.

\* *Сангвиник* қауіпті жағдайларда бірден жинақыланып, ширап кетеді, батыл әрекет жасайды, бірақ энергиясының көптігінен және шешімді жылдам қабылдау себебінен іс-әрекеттің қате әдіс-амалын таңдап алуы мүмкін.

*Флегматик* те байсалды, жинақылыққа бейім, бірақ сангвиниктен өзгешелігі ойланып барып әрекет жасайды және бір шешімді қабылдау үшін оған белгілі бір уақыт керек.

# Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимі

- \* 1. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимі төтенше жағдайды енгізуге негіз болып табылатын, әлеуметтік сипаттағы төтенше мән-жайлардың алдын алуды және оларды жоюды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың шұғыл ден қоюы мен жұмыс істеуінің айрықша режимін білдіреді.
- 2. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимі жекелеген жергілікті жерлерде әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік орган басшысының шешімі бойынша енгізіледі, ал осы Заңның 3-2-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда оны Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша жергілікті атқарушы орган енгізеді.
- 3. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимі кезінде шұғыл ден қою және басқару жүйесінің жұмыс органы жедел штаб болып табылады.
- 4. Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай қатері төнген немесе туындаған кезде әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік органға жәрдемдесуге және қажетті көмек көрсетуге міндетті.

# Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар

\*

1. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулау және жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар мемлекеттік органдардың кешенді күштері мен құралдары пайдаланыла отырып, мемлекеттік органдардың бұрын бекіткен жоспарларына сәйкес, ал осы Заңның 3-2-бабының 1-тармағында көзделген әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулау және жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу (анықтау, жолын кесу) жөніндегі мемлекеттік органдармен бұрын келісілген және жергілікті атқарушы органдар бекіткен жоспарларға сәйкес ұйымдастырылады.

2. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайды жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар кезінде жедел штаб басшысының шешімі бойынша мынадай уақытша шектеулер:

3. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар аймақтарының шекараларын жедел штабтың басшысы айқындайды.